

Б.Е.Мақтұпова

№ 92 гимназия, Қарағанды

Тарих пәнін оқытуда проблемалық әдістерді қолдану

Мақалада тарих пәнін оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың негізгі түрлерінің бірі — проблемалық әдіс екендігі баяндалды. Сондай-ақ оқушылардың тарих пәнін оқып үйрену барысында шығармашылық деңгейін анықтау мүмкіндігінің жолдары көрсетілген. Автор проблемалық әдісті қолдануды нақты тақырыптардан мысал келтіріп көрсетті.

Кілтті сөздер: білім беру, заман талабы, оқушы, мұғалім, біліктілік, іскерлік, тарих пәні, сабақ процесі, психолог.

Білім беру бағытында заман талабындағы өзекті мәселелердің бастысы оқушыны шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелеу, олардың біліктері мен іскерлігін қалыптастыру, өздігінше білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибесінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндік аумағын кеңейту болып табылады. Бұл процестерді жүзеге асыруда тарих пәнінің міндеті мен қызметі, әрине, ерекше.

Тарих оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін қолайлы шарттарды, әдіс-тәсілдерді, алуан түрлі дидактикалық, түрлендіру жолдарын беретін пәндердің бірі және бірегейі болып табылады [1].

Оқу ісін ұйымдастырудың негізгі түрі — сабақ процесіндегі мұғалімнің тәрбиеші, зерттеуші, психолог ретіндегі ролі, оның теориялық білімі, тәжірибесі, сабақты ұйымдастыру шеберлігі — сабақтың сапасы мен нәтижесіне тікелей әсер ете отырып, сабақты белсендіру жолдарын іздестіруге, оқушының танымдық қабілетін дамытып, білім-біліктілік деңгейін анықтап, соған сәйкес әрекет етіп шыңдауға бағытталады.

Оқыту процесінде — тарихи құбылыстар мен оқиғаларды талдау, оларға баға беру барысында — дайын тұжырымдар мен қорытындыларды таңбай, оқушының осыған деген көзқарасы мен тұжырымына алып келу керек, яғни догмалықтан таза қабылдаудан бастап, ойлана отырып, салыстыру негізінде белгілі бір қорытындыға, түйінге өз бетімен жету [2].

Тарих пәнін оқытып-үйретудегі жылдар тәжірибесіне сүйене отырып, оқушының білім-біліктілік дәрежесін бағалауда, міндетті, мүмкін, жоғары, шығармашылық деңгей өлшемдерін (критерий) анықтау мүмкіндігі туады [3].

I-деңгей — міндетті:

Оқушылардың материал мазмұнын толыққанды дәрежеде баяндап бере алуы, тарихи терминдердің мәнін айқындау мүмкіндігі мен хронологиялық даталарды білуі. Оқулықпен және құжат материалдарымен жұмыс істей алу қабілеті, яғни тақырыптық жоспар, тезис жасай алуы, графикалық тапсырмаларды орындай білуі.

II-деңгей — мүмкін:

Оқушының тарихи идеяларды меңгеруі, таңдау элементтерін білу, тарихи құбылыстар арасындағы заңдылықтар мен себеп-салдарлық байланыстарды ашып көрсету, тарихи құбылыстарға, тарихтағы адамдар қызметіне баға беру, белгілі бір тарихи мәселелер бойынша өз пікірін айта білуі және дәлелдеу қабілеттілігі.

III-деңгей — жоғары:

Оқушының тікелей ізденушілік әрекеті нәтижесінде шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетінің қалыптасқандығы, логикалық тапсырмалар мен проблемалық ситуациялық мәселелерді қиындықсыз шешуге жаттыққандығы, белгілі бір тарихи құбылыстар мен оқиғаларға өз тарапынан балама көзқарас пен ұсыныс жасауға бейімділігі және осыны тарихи заңдылықтарға сүйене отырып, тұжырымдап дәлелдей алуы.

IV-деңгей — шығармашылық.

Оқыту процесінде түрлі әдіс-тәсілдерді шығармашылықпен қарастырған жағдайда оқушылардың ойлау, таным қызметін дамыту мақсатында өте тиімді пайдалануға болады. Осы орайда оқушыларды тікелей шығармашылыққа, ізденушілікке үйрететін логикалық ойлау тапсырмаларын беру, проблемалы баяндау, проблемалы оқыту, проблемалық ситуация туғызу сияқты әдіс, тәсілдерді ұтымды пайдалануды оқыта отырып, дамыту талабын жүзеге асыруға үлес қосады, яғни бұл жағдай оқушылардың танып-білуге құштарлығын арттыратын тиімді тәсілдерді пайдалана отырып, тарихи

оқиға, құбылыс, фактілерді талдауға, ізденуге, дәлелдеуге үйрету, қайшылықты проблеманы шешу, оқушының ой-пікірі дербестігі мен еркіндігін барынша кеңейту, сабақта проблемалық жағдай жасау міндетін қояды.

Сабақтың үй тапсырмасын сұрау, жаңа оқу материалын үйрету және сол материалды пысықтап-бекіту сияқты аса маңызды кезеңдері мүмкін болғанша оқушылардың көпшілігінің белсене қатысуымен, олардың өз жұмыстарын ұйымдастыруымен, ал жаңа оқу материалын оқып-үйренуге оқушылардың өздерін тікелей қатыстыруымен ерекшеленуі тиіс. Мұндағы негізгі міндет — оқушының ойлау қызметін дамытуға басты назар аудару.

Сабақ процесінде проблемалық оқытуды, яғни проблемалық ахуал туғызуды оның барлық кезеңдерінде, жаңа материалды оқытып-үйретуде, пысықтап-бекітуде, үй тапсырмасын сұрауда, жүзеге асырып отыру тиімді [4]. Мұндай әдіс сабақтың түрлі тұрпаттарында саналуан әдістер арқылы жүргізіледі. Мысалы, біз өзіміз жиі қолданатын мәтін мазмұнына байланысты проблемалық сұрақтар қою және оған ауызша жауап беру арқылы шешумен қатар проблемалық әдісті құжат материалдарын талдау негізінде, оқулықпен жұмыс жүргізу барысында мәтін мазмұны бойынша әрбір бөлімге тақырыпша, ат қою, топтық проблемалық жұмыс тапсырмалары, тарихи көркем әдебиетті пайдалану негізінде іске асыруға болады.

Жалаң сөзді болмау үшін практикалық іс-әрекеттен мысалдар келтіруге болады: «Қазақстан тарихы» пәні бойынша «Соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығының жағдайы» тақырыбын проблемалық ахуал тудыра отырып, кесте жұмысы арқылы жалпы ұжымдық әдіс негізінде жүргізуге болады. Жаңа тақырып айтылып, мақсатымен танысқан соң оның мазмұны баяндалмас бұрын, оқушыларға алдын ала проблемалық тапсырма беріледі.

Бірінші проблемалық тапсырма — Қазақстан ауыл шаруашылығының дамуына қандай саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайлар кері әсерін тигізді? Оны қалай шешуге болатын еді? Өз ұсынысың. Екінші проблемалық тапсырма — ауыл шаруашылығының артта қалушылығын жойып, дамыту қандай тәсілдер арқылы жүзеге асырылды? Материалдың мазмұны түсіндіріліп болған соң тапсырманы орындап, жауап беру үшін 3–4 мин уақыт беріледі. Жауаптардың ішіндегі дұрыс, нақты жауап тақтаға жазылады. Осыған орай оқушылар тарапынан туындайтын ұсыныс, пікірлер айтылып, оңтайлы деп танылған шешім де тақтаға жазылады. Оқушылар тақтадағы мәселелерді дәптерлеріндегі кестеге толтырып отырады.

«Тың және тыңайған жерлерді игеру» тақырыбында сынып жеке екі топқа бөлінеді.

Әр топ проблемалық тапсырмалар жазылған карточкалар алады.

1-топ — Тың игерудегі жетістіктер, республиканың экономикалық өркендеуі.

2-топ — Тың игеру: қайшылықтар, зардаптар, салдары.

Әр топтан айтылған нақты дұрыс жауаптар ғана тақтаға жазылып отырады. Оқушылар оны өз дәптерлеріне жазып отырады.

Жетістіктер. Республиканың экономикалық өркендеуі	Қайшылықтар, зардаптар, салдары

Бұл кесте топтарға тапсырмалар таратылып берілген соң тақтаға жазылады.

Немесе 11-сыныптың «Адам және қоғам» курсына «Қазіргі замандағы экологиялық проблемалар» тақырыбының практикалық бөлімін проблемалық іс-әрекет ойынын ұйымдастыру арқылы өткізуге болады [5]. Сыныпты үш топқа бөліп, мұғалім «Қалашық» деп аталатын оқиғаны әңгімелеп береді. Бұдан соң әр топқа өз ролдері көрсетілген тапсырма қағаз таратылып беріледі және 10 мин уақыт ішінде — осы мәселелерді шешу жолдарының тізімін жазу керек. (Әр топтан оқушылар өз шешімдерін тақтаға жазады, барлық топ тақтаға өз тапсырмаларын орындап болған соң, әр топ бір оқушы шығып өз тұсау кесерін (презентация) өткізген соң, ең маңызды, қабылдауға болатын шешімнің асты сызылады.)

1-топ — Әкімшілік қызметкерлері — Сендерді қаладағы жағдай қобалжытып отыр. Бір жағынан, әлеуметтік сала осы кәсіпорынға қарап отыр, екінші жағынан, осы қалада сендердің отбасыларың тұрады. Ең бастысы — қаладағы қоғамдық ұйымдар болып жатқан жағдай туралы республикалық газеттерге жариялап жатыр.

2-топ — Өнеркәсіп иелері — Сендер «Бақыт» АҚ-ң өкілдерісіңдер. Екінші жағынан — сендер үшін талас-тартыстан бизнес маңыздырақ. Басқа жерге көшу немесе жұмыстан кету бұл мәселені шешпейді. Өйткені кәсіпорынды жабдықтауға көп қаражат жұмсалды.

3-топ — Қоғамдық ұйым — «Жасыл қала» өкілдерісіндер. Жағдай толғандырады. Әрекет етуге дайынсындар. Бірақ билікпен келіспеушілік, демонстрация, кәсіпорынды жабу — басқа да мәселелерді тудыруы мүмкін екенін жақсы білесіндер. Бұдан соң — келесі тапсырма беріледі — бұл жалпы ұжымға (ұжымдық) берілетін тапсырма:

1 — Туындаған жағдайлармен ең алдымен кім күресе алады? (Дәрігерлер, ата-аналар, белсенді азаматтар, мәселеге қатысты адамдар).

2 — Адамдарды шешім қабылдауға не итермелейді? (Жеке мүддесі, кәсіби қызығушылығы, белсенді өмір позициясы).

3 — Әкімшілік қызметкерлерін, өнеркәсіп иелерін, қоғамдық ұйымда жұмыс істеуге не итермелейді?

а) мемлекеттік органдардың басты міндеті — тұрақтылықты сақтау (экономикалық, әлеуметтік, құқық, тәртіп);

б) коммерциялық құрылымдардың басты міндеті — пайда түсіру;

в) қоғамдық ұйымның басты міндеті — әлеуметтік маңызды мәселелерді шешу, қоғамда жағымды өзгерістер жасау [6].

Әрине, мұғалімнің тәжірибелік іс-әрекетінде оқытудың проблемалық әдісін қолданудың жолдары алуан түрлі. Мұны әр ұстаз өз тәжірибесінде тиімді пайдалануға ұмтылады. Бірақ бір шындық бар — ол оқушыларды түрлі тың деректі материалдармен, құжаттармен, естеліктермен жабдықтап, яғни хабарландырып отыру, қысқаша айтқанда — оқушылардың арнайы қосымша әдебиеттерді оқып, таныс болуы, яғни олардың әр түрлі көзқараспен таныс болуы. Осы қарама-қайшы көзқарастан, пікірден жаңа проблема, сұрақ пайда болады, ал оның дұрыстығын, шындығын анықтау арқылы іздену, талпыныс жасауда оқушы жаңа ойларды тауып, проблемасын талдауда жаңалық ашады, өзіне қызықты пікірлерді салыстырып, танымдық, шығармашылық белсенділігі арта түседі. Сөйтіп, оқушы алдымен мұғалімнің көмегімен, кейіннен өздігінен түрлі деректегі әр түрлілік пен қайшылықтан дұрыс қорытынды жасап, түрлі мәліметтерді сыни және аналитикалық талдауға, ой-пікірін жаңа жағдайда, дұрыс дәлелдей білуге, ой-өрісінің дамуына мүмкіндік алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. — Алматы, 1992.
- 2 Назарбаев Н. Заманның сыншылы да, тарихшысы да — бүгінгі жастар // Егемен Қазақстан. — 2001. — 22 қазан.
- 3 Азаматтық білімге кіріспе. — Алматы, 2000.
- 4 Әбдіғұлова Б. Қазақстан тарихын оқытуда оқушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары. — Алматы, 2000.
- 5 Көпекбай Ә., Воронянская О. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі. — Алматы, 2002.
- 6 Жексенбина Ү.К. Жеке тұлға дарындылығы. — Алматы, 2005.

Б.Е.Мактупова

Использование проблемных методов в изучении истории

Статья посвящена проблемной методике преподавания отечественной истории на конкретном тематическом материале. Автор показывает возможность определения критериев творческих уровней школьников, приводит примеры применения различных методов проблемного обучения истории.

В.Е.Мактупова

Use of problem method in the study of history

Article B.M.Maksutova devoted to the problematic methods of teaching World History at a particular thematic material. The author shows the possibility to define the criteria for level of creative students. And as this article covers some examples of different methods of problem-based learning history.